



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР

ҚАҢТАР 2025

Халықтың алдағы 12 айдағы инфляциялық күтулері әлі де құбылмалы: 2025 жылғы қаңтарда көрсеткіш 12,4%-ға дейін түсті, бұған халықтың қазіргі инфляция деңгейін сезінуі төмендегені ықпал етті. Алайда инфляциялық күтулер әлі де жоғары деңгейде, оған теңгенің номиналды айырбас бағамының өзгерісі әсер етіп отыр. 2025 жылғы қаңтарда 5 жылдан кейінгі күтілетін инфляцияның медианалық мәні 13,7% болды.


### Халықтың инфляциялық күтулері

2025 жылғы желтоқсанда 1 жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні<sup>1</sup> 12,4%-ға дейін түсті (2024 жылғы желтоқсан – 14,6%) (1-график). Бұл ретте, тегістелген 3 айлық көрсеткіште бірнеше ай бойы тұрақтылық байқалып, 2025 жылғы қаңтарда 13,7% болды.

2025 жылғы қаңтарда өткен айдағыға қарағанда респонденттер алдағы 12 айдағы баға өсімі баяулайтынын көбірек күтетіні байқалды.

Сонымен қатар, 5 жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы қаңтарда 13,7% болды. Бірақ респонденттердің жауаптарында белгісіздік деңгейі жоғары.

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2-график. Баға өсіміне әсер ететін факторлар




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Бағаның өсуіне әсер ететін факторлардың ішінде респонденттер өткен тоқсанда атап өткен негізгі себеп – дүкендердегі азық-түлік бағасының өзгеруі (2-график). Сонымен қатар, валюта бағамының өзгеруін атап өткен респонденттердің үлесі айтарлықтай өсті. Сондай-ақ, олар жанар-жағармай бағасының өзгеруін де айтып кетті.

Кейінгі 12 айда біраз тұрақталған сезілетін инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы қаңтарда 11,3%-ға дейін төмендеді (2024 жылғы желтоқсанда – 13,2%) (3-график).

2025 жылғы қаңтарда азық-түлік бағасы өскенін айтқан респонденттердің үлесі 80,7%-ға дейін өсті (2024 жылғы желтоқсанда – 70,1%). Сонымен қатар, азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердің қымбаттағанын айтқан респонденттер үлесі 9,8%-ға (15,9%) және 6,3%-ға (11,5%) дейін азайды.


**3-график. Респонденттерге сезілген инфляция мен нақты инфляция, %**




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2025 жылғы қаңтарда респонденттердің көбісі азық-түлік тауарларынан – жеміс-жидек пен көкөніс, ет өнімдері, ірімшік пен шұжық бағасы өскенін атап өтті. Азық-түлік емес тауарлардан тұрғындар – дәрі-дәрмек, киім мен аяқкиім, тұрмыстық химия бағасы көтерілгенін айтты. Ал, ақылы қызметтерден ең көп қымбаттағаны – тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, интернет пен ұялы байланыс, сондай-ақ медициналық қызметтер (4-график).

**4-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері**



## Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

## Халықтың тұтыну көңіл-күйі


2025 жылғы қаңтарда тұтынушылық көңіл-күй индексі 106,7 құрады (5,6,7-графиктер). Бір жылдан кейін елдің даму перспективаларына қатысты бағалау төмендеді, бірақ сонымен бірге оң аймақта сақталды. Бес жылдық кезеңдегі баға 105,2-ге дейін өсті.

Сонымен қатар, жеке материалдық жағдайдың алдағы бір жылдағы өзгеруі бойынша бағалар 6,7 пунктке төмендеп, 95,2-ке түсті, сол секілді қомақты қаражатқа сауда жасау мүмкіндігі де 7,2 пунктке төмендеп, 101,4 болды.

5-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі <sup>2</sup>


Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

## 6-график. Күтулерді бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab


## 7-график. Қазіргі жағдайды бағалау



### Кәсіпорындардың баға күтулері өткен тоқсандағы деңгейде қалды

2024-жылдың 4-тоқсанында экономикадағы кәсіпорындардың өнімдері мен қызметтеріне бағаның өсу қарқыны айтарлықтай өзгерген жоқ, бағаның аздап жоғарылауы ал ауыл шаруашылығында, электрмен және сүмен жабдықтау салаларында байқалды. 2025-жылдың 1-тоқсанында жалпы экономикада бағаның өсу қарқынының төмендеуі күтілуде, алайда ауыл шаруашылығы кәсіпорындары оның өсуін күтуде (8-график).


8-график. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өзгеру динамикасы, диффузиялық индекс<sup>3</sup>



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк  
Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін дайын өнімнің бағасын белгілеудегі ең маңызды фактор шикізат пен материалдардың бағасы (кәсіпорындардың 79,0% үшін), сұраныс (76,7%) және еңбек шығындары (65,9%) болып табылады. Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, 2024-жылдың 4-тоқсанында шикізат пен материалдарға және импортталатын өнімге бағаның өсу қарқыны шамалы жоғарылады, дайын өнімге сұраныс пен орташа жалақының өсу қарқыны айтарлықтай өзгерген жоқ. 2025-жылдың 1-тоқсанында сұраныстың біршама өсуі күтілуде, қалған факторлардың өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде (9-график).

9-график. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаны белгілеу факторларының динамикасы, диффузиялық индекс<sup>3</sup>



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк  
Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

## ЕСКЕРТПЕЛЕР

<sup>1</sup> 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті, бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді. Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п. т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п. т.

<sup>2</sup> Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.

<sup>3</sup> Диффузиялық индекс (Ci) оң жауаптардың қосындысы және жауаптардың жартысы өзгеріссіз есептеледі. ДИ-қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор. 50 деңгейден жоғары мән – өсуді, 50 деңгейден төмен – түсуді білдіреді. Ci мәні 50 деңгейден неғұрлым алыс (жоғары немесе төмен) болса, индикатордың өзгеру (жоғарылау немесе төмендеу) қарқыны соғұрлым жоғары болады. Респонденттер саны: 3 447 кәсіпорын. Маусымдық тазартылған деректер. Кәсіпорындар сұраққа жауап берді: «Сіздің кәсіпорынның дайын өнімінің сату бағасы қалай өзгерді/өзгереді?»

\* 2025 жылдың 1-тоқсанында кәсіпорындардың күтулері келтірілген.